

ӘОЖ (091)

А.А. Құранбек, Ә.Х. Рамазанова

Дәстүр философиясы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация. Берілген мақалада дәстүрдің философиялық негізі қаралады. Дәстүрлі мәдениеттің проблемаларының қазіргі әлемде өзекті мәселеге айналуы жаһандану процессіне халықтың мәдени мұрасының тұрақты күйде жаңарып тұру қажеттілігі ретінде жауап беріледі. Дәстүр бұл жерде уақытта және кеңістікте үлкен тұрақтылыққа ие индивид және топтардың материалды және рухани аспектілерде жалпы байланысына негізделген әлеуметтік және рухани өмірді ұйымдастырудың кенауқымды формасы ретінде көрініс береді. Қажетті құрылымдық компоненттерде жүзеге асырылатын және жалпы маңызға ие қоғамдық өзара байланыстың рухани формалары ерекше маңызды болады. Осы дәстүрдің әлеуметтік тасымалдаушылары оның рухани құндылықтарының бірлігі ретіндегі тұтастығын, идеяларын, білімдерін, бағдарын, нормалары мен символдарын қамтамасыз етеді. Дәстүр мен инновацияның бірлігі қоғам дамуындағы жалғастықты, оның болашақпен байланысын қамтамасыз етеді және қоғамды өзінің динамикасына бағындырады. Бұл этностың құрылуы мен дамуының әртүрлі кезеңдерінде байқалады.

Түйін сөздер: экология, адам, рухани даму, салауатты өмір салты, қоршаған орта, тән мәдениеті.

Бүгінгі таңдағы дәстүр жалғастығын нығайту, дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіру жолындағы жан-жақты ізденісті әлемдік кеңістіктегі үдеріс деп айтуға болады. Дәстүрді дамыту тек қана пост-кеңестік кеңістіктегі шындық ретінде қарастырылуы мүмкін емес дүние. Батыстағы оңшыл радикализм жағына қарай жасалған күтпеген бетбұрыстар екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қалыптасқан демократиялық әлемнің белгілі бір дәрежедегі дағдарысын, тұрғындардың ауқымды бөлігінің әлеуметтік тәртіптің қатаң түрлеріне деген ұмтылыстарын білдіреді. Оңшыл саяси күштердің дәстүршілдіктің батыстық мектебінің шығармашылық мұрасын белсенді түрде пайдалануы философтар мен әлеуметтанушыларды бір жағынан қауіптендірсе, екінші жағынан дәстүрдің метафизикалық және әлеуметтік мәнімен байланысты сауалдарға жауап іздеуге түрткі болып отыр. Зерттеушілердің пайымынша философия тұрғысынан әлі де жеткілікті зерттеулерді талап ететін бұл «қарама-қарсылықтарды» тек әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде ғана зерделеу мәселенің ішкі мәнін толыққанды ашпайды. Дәстүрдің негізінде жатқан терең метафизикалық қабаттарды, түптеп келгенде философия зерделеуі тиіс. Дәстүрді зерттеу – әлеуметтік болмыстың метафизикалық түйінін шешудің кілті. Дәстүрді зерттеудің танымдық құндылығы осымен айқындалады. Бұдан, дәстүр ұғымы мен мәселесін әлеуметтік-философиялық тұрғыда зерттеудің

өзектілігі саяси-әлеуметтік, идеологиялық, теориялық себептердің жиынтығымен анықталатындығын көреміз.

Солардың ішінде, дәстүрді әлеуметтік тұрақтылықтың маңызды тұғырнамасы екендігін ұғынып, оны қалпына келтіруге ынталы болып отырған қоғамдағы қажеттіліктің ұлғаюуы, бүкіл әлемге қауіп төндіретін діни лаңкестік ұйымдардың белсенділігінің күннен-күнге артып келе жатқандығы, ұлтаралық және мәдениеттер арасындағы қақтығыстарға негіз болып табылатын дәстүршіл бағдардағы идеологиялық ілімдерді сыни тұрғыда байыптаудың қажеттігі дәстүр ұғымын қайта қарауға негіз болып отыр. Сондықтан да, дәстүрдің өзегін құрайтын рухани бастамаларды, философия тұрғысынан зерттеудің әлеуметтік болмыс пен санадағы маңызды мәселелердің түйінін шешудегі ғылыми құндылығы мен танымдық қырларының маңыздылығын ұғынамыз.

Дәстүр мен жаңашылдық ұғымдарының арақатынасы адамзат өміріндегі сан алуан құбылыстардың барлығымен тығыз байланысты. Осы ұғымдарды талдаудағы әртүрлі ұстанымдар мен ыңғайлардың өте көп болуы сол себепті де. Соның ішінде, философия ғылымдарында қазіргі кездегі жиі талқыланатындары – әлеуметтік өзгерістердің сипаты, ойлау тарихындағы дәстүрлер мен жаңашыл ізденістер, мәдениет пен өркениет және т.б.

Модернизациялық дамуда ұлттық құндылық-

тар мен дәстүрлерге дұрыс көңіл бөлмеудің әлеуметтік-мәдени мәселелері және қоғамдық қатынастарды реформалаудың рухани тұрғыда заңдастырылуындағы дағдарыстар жиырмасыншы жылдардың ортасында-ақ батыс елдеріндегі көптеген ғалымдардың дәстүр феноменін зерттеуінің алғышарты болды. Бұл орайда мәдениеттанушы Б. Саттершинов «XX ғасырда табиғи және әлеуметтік өмірде орын алған ғаламат өзгерістер адамзаттың алдына жаһандық мәселелерді қойды. Қоғамдық дамудағы нақты-тарихи, жаһандық және ауқымды тарихтың, ашық тарих пен жабық тарихтың, микротарих пен макротарих арақатынастары, ұлттық және таптық мәселелердің қойылуы мен олардың шешілуі, дәстүр мен жаңашылдықтың, ұжымдық ес пен дара индивидуалдық жадының, теориялық тарихи сана мен бұқаралық сананың арақатынастары мәселелері гуманитарлық ғылымның барлық салаларын қамтыды» – деп тұжырымдайды [1, 5 б.].

Қай халықты алсақ та, оның өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі, әдет-ғұрпы, салты болатындығын білеміз. Мұның бәрі сол халықпен бірге жасасып, оның тарихына өзінше ілесе жүретіндігін байқаймыз. Әлеуметтік өмірдің, экономикалық, жағдайлардың ілгерілеп дамуына байланысты, халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, сана-сезімі, дүниеге көзқарасы т.б. өзгеріп отырады. Бір заманда туып, бергін келе, көп уақыт бойына қалыптасқан, белгілі жүйеге түскен дағдыға айналған тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып, салт-сана, алғашқы мазмұнын біртіндеп жоғалта да бастайды. Бұлардың орнына әлеумет тілегі мен ахуалына сәйкес жаңа мазмұн, түр туады. Демек, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, олардың дамуы ертеден келе жатқан, қалыптасып қалған тұрмыс-тіршілікке, әдет-ғұрып, салтқа өз әсерін тигізеді, жаңа мазмұнда өзгеруіне, бұрынғы қалпын біртіндеп жоғалтуына жағдай жасайды.

Дәстүрді қоғамдық қатынастар мен қоғамдық сананың қайталанатын элементтерінің көрінуі мен бекуінің жарқын үлгісінің тарихи қалыптасқан жағдайы ретінде анықтауға болады. «Дәстүрлі институттар мен өмір салттарының жойылуы көбіне-көп әлеуметтік ретсіздікті, хаос пен аномалияға әкеледі, қоғамның түрлі саласындағы жағымсыз жағдайлардың көбеюі тиімсіз, босқа шашылу мен шығындарға алып келеді. М. Бахтин әлеуметтік мәдени ортаның дәстүрлі негіздерін оп-оңай ысырып тастаудың мүмкін еместігін айтады: «Мәдениет тіпті өз ішіндегі төңкерістер

барысында да консервативті болып қала береді. Өткенді ұмытуды көксеген кезде де, ол оның қолынан келмейді. Көнекөз қариялар тәрізді ол көбіне бергінде болған оқиғалардан гөрі бұрынғы өткенді жадында жақсы сақтайды. Дегенмен беріде болғанды оңайшылықпен өшіріп тастай алмайды, өйткені, ол үздіксіз өмірдің бір бөлігі. Мәдениет ілгері басып, өзіндік геологиялық дәуірлерін бастан кешеді, алайда жердің қыртыстарынан айырмашылығы, оның қабаттары көлденеңінен ғана емес, тігінен де орналасқан» [2, 11 б.].

Дәстүр мен жаңашылдықты пайымдаудағы діни-аксиологиялық сипаттағы тұжырымдардың бірі былай болып келеді. «Дәстүрлі қоғам адамы өзін «Мен – бұл менің қағидаттарым» деп түсінді. Зайырлы қоғам адамы өзін енді басқаша түсінеді: «Мен – бұл менің заттарым». Бір ахуалдан екінші ахуалға өткенде жан жоғалады. Бұрын заттар адамның қосымшасы болған еді. Ендігі жерде адам заттардың қосымшасына айналады» [3, 74 б.]. Шынымен де дәстүрлі қоғамдағы құндылықтар жүйесінің гуманизмге бағыт-бағдар нұсқайтын қағидаттары адамшылықты жоғары қойғанын бүгінгі заман тұрғысынан қайта таразылауымыз да керек секілді. Осы орайда «дәстүрлі мәдениет адам жергілікті қоғамның өмір салтына сай құндылықтар әлемінде өсіп-өнеді, рухани тәрбие алады. Дәстүрлі қоғам аясындағы білімдерді жинақтаған адам мәдени құндылықтарды жасауда және келешек ұрпаққа табыстауда сан ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибеге сүйенеді. Сол себепті де, ондай жан өз қауымы мен өмір сүрген дәуірі үшін кәміл адам болмақ», – деген ойдың дәйектілігі мен негізі даусыз [4, 62 б.]. Қазақ халқы «салтың – санаң, дәстүрің – дәулетің, ғұрпың – ғұмырың» – деп бекер айтпаса керек. Біз көбіне-көп дәстүр ұғымын талдағанда оның латынша түбіріне көңіл бөліп, содан таратып, қазақ тіліндегі дәстүр ұғымының тамыры қайдан бастау алады, нені білдіреді деген сауалдарды қалдырып кетеміз. Осыдан кейін, Ф. Бэкон келтірген елестерге қалайша шырмалғанымызды білмей де қаламыз. Шынтуайтап келгенде, «салтың – санаң, дәстүрің – дәулетің, ғұрпың – ғұмырың» деген түсінікте терең философиялық ойлаудың, рухани, әлеуметтік тәжірибенің таңбасы анық көрініп тұр. Ал, оған философиялық сараптама беру, талдау жасау ұлтымыздың рухани дүниесін айқындаудың баспалдақтары деп түсінеміз.

Дәстүршілдік құбылысын бүгінгі күнгі өздерін дәстүршілдер деп атайтын әртүрлі бағдарлардың түсіндірмесі тұрғысынан қарамай осы бағыттың

негізін қалаған Р. Генон, Ф. Шюон, М. Элиаде сынды ойшылдардың ой-тұжырымдарына жүгінгеніміз жөн. «Дәстүр – адамға Тәңірден берілген ілім» – деп көрсеткен Р. Генон – «бұл трансценденттік ақиқат түрлі ахуалда экзотериялық (күпия) яки діни ілімдерге, өлең өнеріне ұласа алады. Дәстүрлі қоғамдар бір-бірінен сол дәстүрдің сақталу қалпымен, дәрежесімен және сол дәстүрлі ілім, дәстүрлі ақиқатты бейнелей алатын қабілетімен ғана айрықшаланатындығын» пайымдайды. «Шын мәнісіндегі дәстүрлі қоғамда, мысалға, кеше ғана өткен замандағы Шығыстың кез келген өркениеті мен ортағасырлық Еуропада руханият елдің бәріне ортақ еді. Дәстүрлі қоғамның бастау көзі мен мұратының асылы трансценденттік, сакральдік ақиқат болғандықтан, оның барлық тіршілігі, барлық жүйесі сол ақиқатқа, дәлірек айтқанда аталмыш қоғамдағы қабылданған үлгілерге сәйкес құрылады. Өнер, колөнер киелі және қарабайыр (профандық) деп бөлінбейді. Күнделікті күйбең тіршілікке арналған уақыт пен Құдайға құлшылыққа арналған уақыт деген бөлініс жоқ» [5, 5-6 б.].

Заманауи қоғам әлеуметтік үдерістердің даму барысын жеделдететін қарым-қатынастың жаңа түрлерінің пайда болуымен ерекшеленеді. Мультимәдениетті және полисубъектілі әлеуметтік жағдайда адамдардың келісімге негізделген қарым-қатынас стратегиясын жасау қиынға соғып тұр. Әлеуметтік қатынастар санының өсуі және олардың үнемі өзгеріске ұшырауы екі жақты әрекеттену барысын тәртіпке келтіретін жолдарды іздестіруге мәжбүр етеді. Бұндай тұрақтылық пен тәртіпті іздеу әдетте дәстүрге бет бұрғызады. Сондықтан оларды әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың, соның ішінде философияның да жан-жақты қарастыруы негізделеді. Қазіргі қоғамның жалпы жаңашылдық сипаты және әдет-ғұрыптағы жаңару тетіктеріне қатысты жаңашыл үдерістердің ерекшелігіне байланысты зерттеулердің өзектілігін және маңызын жоғалтпай отырғандығын дәлелдейді. Өйткені, біздің қоғамымыздың құндылықтар жүйесі де күрделі өзгерістерді бастан кешіп отыр. Бұл үдерістің алуан түрлі аспектілері де бізді дәстүр мен жаңашылдықты зерттеуде мәдени кеңістікті ойлау тарихындағы өзгерістермен біртұтастықта алып саралауға әкеледі. Дәстүрді, дәстүрлікті, жалпы дәстүрге негізделген нәрсені зерттеуге қазіргі гуманитарлық ғылымда көп көңіл бөлінеді. Кез келген халықтың дәстүрлі мәдениеті

– оның ұлттық сана-сезімінің және жалпы мәдени қорының негізі болып табылады, сондықтан бұл қызығушылықтың туындауы дұрыс та.

«Дәстүр дегеніміз өткеніміздің бейнесі және әлеуметтік өмір мен мәдениеттегі шартты тұрақтылықтың белгісі, қоғамның түрлі салаларын, олардың даму сабақтастығының тетігін, бекітілу формасын және әлеуметтік-мәдени тәжірибенің сақталуын бойына сіңірген категория. Дәстүр – өзін-өзі ұстаудың, ойлаудың және сезінудің үлгісі, ол оң немесе теріс бағаланады, әлеуметтік топтың мәдени мұрасына жатады (шындығында немесе аңыз ретінде) бұрынғының екі ұшты ақиқатын қазіргі күннің нақты құндылығына айналдыра алатын тарихи сананың ерекше түрі» [6, 206 б.]. Қазіргі философиялық сөздіктегі осылай тарқатылған анықтама дәстүрдің қоғамның рухани-мәдени өміріндегі атқаратын қызметін айқындайды. Дәстүрді әлеуметтік-тарихи шындық ретінде ұғынуымыз оны құндылық ретінде анықтауымызға байланысты. Сонымен қатар, оның қоғам өмірінде атқаратын рөлін кішірейтіп, не әлеуметтің тіршілік етуінің бірден-бір негізіне айналдыру да дәстүрді дұрыс түсінбеушілік екенін білдіреді. Этнографияда, мәдени антропологияда, тарих ғылымдарында дәстүр ұғымы әдетте алғашқы адамдардың өмірін тәжірибелік тұрғыдан сипаттау үшін әдет-ғұрып, ырым, рәсімдер сияқты ұғымдармен бір семантикалық қатарда пайдаланылады да, ішкі және тайпа аралық қарым-қатынастарды реттейтін амал ретінде қарастырылады. Сондықтан дәстүр – әдет-ғұрып, салт-жора, рәсім, мерекелер сияқты бірқатар біркелкі ұғымдардың жалпы жинақылайтын атауы сияқты. Бірақ дәстүрді әдеттегі бар ұстанымның үлгісіне еру ретінде түсіну оның мазмұнын емес, әлеуметтік өмірдің салаларын реттеу тетігі ретіндегі қызметін көрсетеді. Дәстүр ұғымының философиялық анықтамасы мен түсіндірмесі қандай да бір құндылығы бар ұстанымдар жүйесінің кешенін, сана-сезім түрлері және адамдардың қарым-қатынас институтын қамтиды. Ол қазіргі мен өткеннің байланысына сипаттама беріп, анығырақ айтқанда, қазіргі буынның бұрынғымен байланысын немесе оған жақындығын және сабақтастығын айқындайды. Құндылықтық мазмұндылық жағынан қарағанда дәстүрде белгілі бір ережелер, салттар-жоралар мен әдет-ғұрыптар және дүниетанымдық көзқарастар жүйесі шоғырланған. Бұлар осы әлеуметтің рухани-мәдени ұйымдасуының ой бағытының «классикалық» мұрасының басым бөлігін

құрайды. Өткен күн мен бүгіннің ортасында дәнекер бола тұра дәстүрлер адам өміріне енеді және өзінің мәдениеттегі өміршеңдігі мен тамырын жайғанын еске салғанынан басқа ешқандай түсініктеме беріп мойындатуды қажетсінбейді.

Дәстүр мәселесінің кез келген қоғамның аса өзекті мәселесі болатындығының мән-мағынасын айқындалғаннан кейін, біздің қоғамдағы осы негіздегі сауалдар сипаты да ойландырады. «Біз, қазақ интеллигенциясы, дәстүрді сақтап қайта жандандыру жайындағы теориялық дау-дамайды жақсы көреміз. Алайда біздің, бұл дәстүрге деген ықыласымыз тұрмыстық деңгейден аспайды, сол себепті бұндай «дәстүршілдік» өмірде болсын, интеллектуалдық тартыста болсын, үнемі жеңілуге бұйырылған. Шын мәнісіндегі қазақтың дәстүрі дегеніміз не, ол қандай формада қайта жаратылып дами алады, ал оның бойындағы, тіршілік нәрінен айырылған, ұлтты есейтпей тұралатып келе жатқан өтпелі тарихи формалары қандай? Аталмыш сұрақтарға дәстүршілдікті зерделеп барып жауап бере алар едік. Дәстүршілдік, біздің тарихшымызды, дәстүрлі мәдениетімізді зерттеуге ең лайық, ең тиімді методология. Біріншіден, дәстүршілдік, біздің мәдениетімізде, бұрыннан бар көптеген символдармен жұмыс істеп келе жатыр. Оның сыртында, қазақ мәдениетінің дәстүрлі символдарын зерттеуде, «профандық семиотикамен салыстырғанда дәстүршілдіктің символдар теориясы анағұрлым қолайлы методика болып табылады. Екіншіден, дәстүршілдікте, әсіресе Р. Генонның еңбектерінде көшпенді мәдениет ғарыштық болмысты тепе-теңдікте ұстап тұрған қарсылық, дуальдік заңдылық, рухани принцип ретінде бағаланады. Көшпенділікке деген осындай көзқарастың, және адамның түрлі бітімі, түрлі табиғатына орай қалыптанған дәстүрлі қоғамның әулеттік (касталық) жүйесін байыптаудың негізінде Ұлы Дала көшпенді халықтары метатарихының концепциясын тиянақтап шығаруға болады» – деген ой-пікірді ұстанады зерттеуші Серікбол Қондыбай [7, 403 б.].

Дәстүр – қауымдастықтың кеңістіктік-уақыттық тұрғыда ұйымдасуы мен hareketін рефлексивті түрде бақылауды біріктіру тәсілі, кез келген іс-әрекет пен тәжірибенің өткені, бүгінгі және келешегінің арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ететін өзара әрекеттесу құралы. Бұл орайда ауызша мәдениеттен жазу мәдениетіне көшудің өзі жаңашылдық болғанымен дәстүрдің беріктігі жалғастығы нақ осы жазу қалыптасқан мәдениетте анық көрінетінін бағамдайды зерттеушілер. Дәстүрге жүгінген кезде біз тарихтың өзі

«тәуелділіктер тізбегі» екенін көреміз: алдымен болған жағдай, оқиға «кездейсоқ» көрінгенімен, нәтижесінде бәрібір кейін болғанның себебіне айналады. Яғни «дәстүр дегеніміз де – сабақтастық «моншақтарын» бір жіптің бойына тізіп қойған таспик, немесе, әлгі айтылған қобдиша. Керек моншақты саусақ ұштарымен жылжытып отырып тауып алуға немесе қобдиша қапағын ашып көсіп-көсіп алуға болады. Өткенді тани білу арқылы бүгінгі және болашақ қазақ үшін қажетті жауаптар мен үлгілерді, қарым-қатынастарды табуға болады. Әлбетте, оларды сол күйінде көшіре салуға болмайды, көнені пайдалану жаңа заманға сай болуы шарт» [7, 404 б.].

Дәстүрлі шаруашылық түрлері басым болып келетін Шығыс елдерінің кезінде техникалық даму жағынан Батыс елдерінен артта қалып қойғаны белгілі. Осы жағдайда көбіне-көп дәстүр ұғымы артта қалушылықпен байланыстырылды. Дәстүрлі қоғам деген түсінік те артта қалу түсінігінің синониміне айналды. Бұған келіспеген дәстүрлі мәдениеттерді зерттеуші В. Бейлис дамушы елдерді дәстүрлі елдер емес, дәстүршіл қоғамдар деп атауды ұсынды. Оның ойынша дәстүршіл қоғамдар да өмірге бейімді, әлеуметтік және мәдени құндылықтар жеткілікті, олардың көбісі буржуазиялық-индустриалды өркениеттің қалыптасуымен жойылды. Дәстүршіл қоғамның да өзіндік болмысымен қатар артықшылықтары бар [8, 80 б.].

Дәстүрлі мәдениеттің жеңіліске ұшырап, өзге мәдени құндылықтардың басым түскен кезіндегі жергілікті тұрғындардың мінез-құлқында байқалған өзгерістерге Р. Харрис мынадай мысалды келтіреді: «Американың байырғы тұрғындарының балаларын қазіргі қалыптасқан жағдайдағы әлеуметтендіру үдерісінде көптеген түсінбеушіліктер бар. Жазық жердің үндістеріне қатысты рөлдік үлгілер мүлдем жоқтың қасы. Байырғы америкалықтардың балалары «ковбойлар» мен «үндістер» болып ойнағанда, олар да ақтар тәрізді ковбойлар (яғни, жақсы азаматтар) болғысы келеді. Одан бетер шатастыратыны, мектептің және кәсіби спорт командаларының атаулары үндістердің этникалық өзіндік болмысын танытатын ұғымдармен аталатындығы, ал шын мәнінде ол атаулардың үндіс мұрасымен ортақ ештеңесі жоқтығында» [9, 125 б.].

Сонымен қатар, ғалымдардың пікірінше ғылым мен техниканың дамуы мен өркендеуі әлеуметтік идеалдарды (ең алдымен еркіндік идеалы) туғызғанымен, өзі солардың дамуына кедергі жасайды. Демократияның құндылықтары

(еркіндік, теңдік, тұлға еркіндігі) және индустриалды қоғамның императивтері (орталықтандыру, иерархизация, субординация, тәртіп) арасындағы қақтығыстарды зерттеушілер қазіргі заманғы өркениеттің тұрақсыздығының басты себептері ретінде көреді.

Қазіргі аласапыран заманда, мәдениеттердің тығыз қарым-қатынасы мен басқа мәдениетке жұтылып кетпеу заманында шығыс пен батыс мәселесі әлі өзекті болып тұр. Бір жағында өзін мойындата бастаған шығыс тұрса, екінші жағында өзінің рухани үстемдігінен айырылғысы келмейтін батыс тұр. Дәл осындай кезеңде өз рухани дүниеге ие болып, мәдени сұхбаттастық пен өзара түсіністікті қалыптастыру өзекті болып отыр. Мамандардың пікірінше мәдениеттердің өзара тығыз араласуындағы ең ауыр түйін этникалық қақтығыстар болып отыр. Біз бүгін көп полюсті әлемнің қалыптасу барысын бажайлап отырмыз. Кезінде технологиялық және экономикалық жағынан артта қалған Шығыс елдері қазіргі кезде өздерінің экономикалық және саяси мүмкіндіктерімен Батыспен теңесуде. Бұл дегеніміз рухани мәдениеттерінде ортақ ерекшеліктері бар әлемдік дамудың жаңа аймақтық орталықтары деген сөз. Ал, бұл өзгерістердің, жаңа әлеуметтік шындықтың философияда да бейнеленетіндігі анық.

Дегенмен, бодандықта болған елдің рухани үстемдікті енсеруі де дүниетанымдық, психологиялық қиындықтарды туғызатындығы қиын үрдіс. «Құлаққа түрпідей тиеді де, бірақ көптеген африкалықтар көне өмір салтын ұстанатын, әсіресе батыс үлгісімен киінбейтін (немесе мүлде киінбейтін) және қазіргі экономикалық, саяси өмірге атсалыспайтын бауырластарынан қысылады. Олар өз отандастарын қазір африкалық стандарттармен бағаламайды және өркендеуді тек батыс көзқарасы тұрғысынан ғана елестетеді. Біз халықты не оның мәдениетін түсіну үшін осы батыстық өлшемдерден уақытша бас тартуымыз керек» – деп жазады отаршылдықтан азат болған, бірақ рухани дүниесінде оны толық жүзеге асыра алмай отырған африка дүниесі туралы Колин Тернбул [10, 100 б.].

Аңыз-әпсананың адамзат тіршілігімен тығыз байланыстылығын ескерсек те қазіргі кезде де батыс қоғамының әлі де үстемдік жүргізгісі келетіні туралы жаңа қағидалар ойлап табудың түрлі тәсілдерін меңгергенін С.Б. Бөлекбаев жақсы көрсетіп берген: «осы тұрғыда қазақстандық қоғамға байланысты мынаны келтіруге болады. Біріншіден, ол батыстық үлгімен ауқымды ре-

формалар жүргізу, ал, екіншіден, қазақстандық қоғамның қоғамдық санасына нарықтық экономика, жеке меншіктік пен демократия өркениеттің негізі болып табылады және батыстық өркениет – әлемдік өркениеттік үдерістердің эталоны деген идеяны сіңіру. Бұл көзқарастар он тоғызыншы ғасырда бастау алған бодандыққа түсіру мүдделерін негіздеу үшін кейбір ғалымдардың ойлап тапқан еуропацентристік тұжырымдамаларына негізделген. Бұл теория Батыс – өз дамуында «дұрыс жолды» өткен бірден-бір жалғыз өркениет, басқа мәдениеттер мен өркениеттер бұл жолдан міндетті түрде өту керек дегенді насихаттайды» [11, 13 б.].

Әлеуметтік-мәдени өндіріс барысында әсіресе жастар дәстүр болмысын, дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесуін дұрыс бағамдай білуі қажет, бұл жағдайда әлеумет өткеннің мұрасы мен қазіргі жағдайдың арасын реттеуге тиісті мәселелерін шешуі керек. Өйткені, қоғам дағдарыс немесе өтпелі кезеңді бастан кешіргенде мәдениет қоры, әлеуметтік болмысты толыққанды қамтамасыз ете алмайды. Ал төлтума руханият бастауларынан тоталитарлық билік тарапынан пәрменді түрде жүргізілген іс-шаралар негізінде ажыратылмақ болған біздің халқымыз үшін бұл тіпті де қарама-қайшылықты өзгерістер үрдісін білдіреді. «Жаңашылдық қоғамға тереңінен сіңіп, ал мемлекет – дәстүрдің сақтаушысы болса, онда бұл талас соңғысының мүддесіне шешілмейді. Қазақстандық қоғамда ұлттық дәстүрді қайта жандандыру бұқаралық сипат ала алған жоқ. Сондықтан тұрғындардың басым бөлігі дәстүрлі қалыптарды бұза отырып, нарыққа бейімделу барысында жаңашылдық пен таңсық атаулының барлығын байыбына барып сараламай қабылдауда немесе жөн-жосықсыз жұтуда. Тұрғындардың келесі бір бөлігі – орта және онан жоғары буын өкілдері реформаға қарсы шығып, ескіні қайтаруды талап етіп, дәстүршілдікті көксейді. Жаңа жағдайға тез бейімделе алғандар – негізінен қала жастары. Бірақ бұл жерде жаңашылдық дәстүрге сай формаларға бейімделмеген. Бұл қоғамда мәңгірттену үрдісінің етек алып келе жатқандығын байқатады» [12, 99 б.].

Қазіргі кезде көптеген зерттеушілер дәстүр мен жаңашылдықты бір-біріне қарама-қарсы дүние деп санайтын түсіндірмелер аясынан шығып, дәстүр ұғымын ескірген дүние ретінде ғана емес, керісінше, тіршілік ету сабақтастығын ұрпақтан-ұрпаққа тапсыратын мәдениеттің өмірлік маңызы бар ажырамас бөлігі, болмыстың әмбебаптығының көрінісі, қоғамның өзін-өзі сақтайтын қорғаныш

жүйесі, мәдениеттің іргетасы мен түпнегізі деп пайымдайтын тұжырымдамаға көбірек ден қояды. Яғни, дәстүр тек сабақтастықтың ғана белгісі болып қалмайды, ол әрі жаңашылдықтың өрісін айқындаудың және оның әлеуметтік белсенділігі мен заңдылығының басты көрсеткіші де бола алады. Бұл мағынасында дәстүрді қоғамды эволюциялық жолмен өзгертудің және мәдениеттің өзін-өзі сақтау, дамыту мен қайта жандандырудың негізгі тетігі ретінде қарастырамыз.

Әдебиеттер

- 1 Сатгершинов Б.М. Тарихи сананың қалыптасуы мен дамуын әлеуметтік-философиялық талдау: филос. ғылым. канд. ... автореф.: 09.00.13. – Алматы, 2009. – 50 б.
- 2 Бахтин Л.М. Тип культуры как историческая целостность // Вопросы философии. – 1969. – № 9. – С. 40.
- 3 Климов А. Православный социализм и западный капитализм – вопросы идеологии // Вопросы культурологии. – 2009. – № 4. – С. 73-77.
- 4 Марданов К. Самоопределение нации. – Алматы: Ғылым, 1997. – 316 с.

5 Наурызбаева З. Алғысөз // Әлемдік мәдениеттану ой-санасы: он томдық. Дәстүр: ұғым мен тәсіл. – Алматы: Жазушы, 2005. – 3-т. – Б. 5-13.

6 Философский энциклопедический словарь. – М., 2005. – 752 с.

7 Кондыбай С. Дәстүр (традиция) жөнінде // Әлемдік мәдениеттану ой-санасы: он томдық. Дәстүр: ұғым мен тәсіл. – Алматы: Жазушы, 2005. – 3-т. – Б. 403-404.

8 Бейлис В.А. Традиция в современных культурах Африки. – М.: Наука, 1986. – 248 с.

9 Харрис Р. Психология массовых коммуникаций. 4-е международное издание. – М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2002. – 470 с.

10 Тернбул К.М. Человек в Африке: пер. с англ. – М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1981. – 252 с.

11 Булекбаев С.Б. Казахстан в контексте глобализации // Вестник КазНУ. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. – 2009. – № 1. – С. 13-19.

12 Анасова Қ.Т. Қазақ мәдениетіндегі кеңістік пен уақыттың рәміздік суреттемелері: филос. ғыл. канд. ... дис.: 24.00.01. – Алматы, 2007. – 124 б.

А.А. Куранбек, А.Х. Рамазанова

Философия традиции

В данной статье рассматриваются философские основания традиции. Актуализация проблем традиционной культуры в современном мире выступает как ответ на процессы глобализации, как необходимость постоянного обновления культурного наследия народа. Традиция здесь предстает как крупномасштабная форма организации социальной и духовной жизни, имеющая большую устойчивость во времени и пространстве, основанная на всеобщей связи индивидов и групп в материальном и духовном аспектах. Особое значение приобретают духовные формы общественной взаимосвязи, которые имеют всеобщую значимость и реализуются в необходимых структурных компонентах. Социальными носителями этой традиции обеспечивается ее целостность, которая предстает как единство духовных ценностей, идей, знаний, ориентаций, норм и символов. Единство традиций и инноваций обеспечивает преемственность в развитии общества, его связь с будущим, подчиняет общество своей динамике, что проявляется в различных периодах формирования и развития этноса. Традиции и инновации представляют собою открытую систему, не имеющую жёстко заданных границ, находящуюся в развитии и способную к самовоспроизводству и саморегуляции, особое значение при этом имеют ее социокультурные, гносеологические, онтологические и аксиологические параметры.

A.A. Kuranbek, A.H. Ramazanova

Philosophy of Tradition

Philosophical foundation of tradition is discussed in this article. Updating the problems of traditional culture in the modern world appears as response to globalization and the need for constant renewal of the cultural heritage of the people. Tradition here is a large-scale form of organization of social and spiritual life, which has a greater stability over time and space, based on the universal connection of individuals and groups through the material and spiritual aspects. Spiritual forms of social interactions have universal significance and implemented in the necessary structural components, also these forms acquire a special significance. Social carriers of this tradition provide its integrity, which is the unity of spiritual values, ideas, knowledge, orientation, norms and symbols. The unity of tradition and innovation ensures the continuity in the development of society and its relationship with the future, also it dominates the dynamics of its society, which manifests itself in different periods of formation and development of ethnic. Tradition and innovation are an open system, which does not have defined hard limits, and are capable of self-reproduction and self-regulation. Its socio-cultural, epistemological, ontological and axiological parameters have particular importance.